

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау

«Сырым аудандық тұрғын үй-коммуналдық шарушалық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің 2017 жылдың 9 ай аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижесі туралы ақпарат

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыс тобымен 2017 жылдың 10-13 қазан аралығы кезеңінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобымен (одан әрі – жұмыс тобы) нормативтік құқықтық актілер зерделенді.

Атап айтсақ «Сырым аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» қызметкерлері төмендегідей кодекс, заңдарды және нормативтік құқықтық актілерді жұмыс барысында пайдаланды.

«Қазақстан Республикасының Конституциясы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу қағидалары», Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2015 жылғы 18 желтоқсандағы №147 бұйрығымен бекітілген, «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №648 бұйрығы, «Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде, жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастыруға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты, «Су объектілерін оқшауланған немесе бірлесіп пайдалануға конкурстық негізде беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты, «Белгіленген электр қуаты 5 МВт және одан төмен, 5 МВт-тан жоғары немесе белгіленген жылу қуаты 100 Гкал/сағ және одан жоғары, сондай-ақ өз балансында кернеуі 35 кВ және одан төмен, 110 кВ және одан жоғары электр желілері бар энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік паспортын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты, «110 кВ және одан төмен, 220 кВ және одан жоғары объектілер үшін қайталанатын (шунтталатын) электр беру желілері мен қосалқы станцияларды салудың техникалық орындылығы туралы қорытынды

беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты, «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты, «Мемлекеттік кәсіпорынның немесе мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарға тұрақты пайдалануында коммуналдық тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үйдің немесе жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалдаған тұрғын үйдің болуы (болмауы) туралы анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты.

«Сырым аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі қызметінің ішкі сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау жұмыстарына 2017 жылдың 9 айына келесі бағыттар кіреді:

Бөлімнің штат саны 4 бірлікті құрайды, соның ішінде 4 бірлік мемлекеттік қызметші. Бөлімде 4 әкімшілік мемлекеттік қызметшінің 4 мемлекеттік қызметшісі аттестадан өткен. Аттестация қорытындысымен 4 мемлекеттік қызметші атқаратын лауазымына сәйкес келеді деген шешім қабылданған. Бөлімде 4 техникалық қызметші жұмыс жасайды.

Кадр ауысушылығы тіркелмеген.

2017 жылдың 9 айында 30 бұйрық қабылданып, «Е-қызмет» ықпалдастыру ақпараттық жүйесіне енгізілді.

Бөлімде мемлекеттік қызметшілерде тәртіптік жазалары жоқ.

Мүдделер қақтығысы фактілері орын алмаған;

2017 жылдың 9 айында бөлімде 1 мемлекеттік қызмет көрсету түрі бойынша, 27 мемлекеттік қызмет көрсетілген. Атап айтқанда, «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы» - 27 қызмет. Аудан тұрғындарының арасында мемлекеттік қызмет көрсету түрлерін түсіндіру мақсатында «Сырым елі» аудандық қоғамдық – саяси газетіне «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы» мемлекеттік көрсетілетін стандарты тақырыбында 2017 жылдың 6 сәуірінде № 14 мақала берілді.

Мекемеде рұқсат беру және бақылау функциялары жоқ;

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бағытындағы 2017 жылға арналған медиа-жоспарға сәйкес 2017 жылдың 16 наурызда аудан әкімдігінің ресми интернет ресурсында мемлекеттік тұрғын үйге мұқтаждар тізіміне тіркелу тәртібі тақырыбында мақала жарияланды.

2017 жылдың 20-23 маусым аралығындағы халыққа қызмет көрсету ғимаратында өткен «Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде, жарнаманы

